

УДК 343.546  
МРНТИ 10.77.31

**Сапаралиева С.М., Августхан С.А.**

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Институты Директорының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, әділет аға кеңесшісі*

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру Институты арнайы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты, әділет кеңесшісі*

### **БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ПРОФИЛАКТИКАСЫ МӘСЕЛЕРІ**

**Түйіндеме.** Мақалада авторлар бүгінгі таңдағы өзекті тақырыптардың бірі, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың жеке профилактикасы мәселелеріне тоқталады. Соңғы 5 (бес) жылдың статистикалық ақпараттары келтіріліп, талдау жасалады. Балалар қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрбаны болып келген, қасақана жасалған қылмыстар туралы ақпарат келтіріледі. Мақаланың мазмұнында шетел тәжірибелері келтіріліп, әдебиет көздеріне сілтемелер жасалады. Қорытындылай келе авторлар өз тұжырымындарын шығарады, қарастырылып жатқан салада ұсыныстар береді, олардың теориялық немесе практикалық құндылығы болуы мүмкін. Мақала осындай қылмыстық құқық бұзушылықтар түрлерінің алдын алуына, мүдделі адамдарға, сондай-ақ қалың оқырман қауымға арналған.

**Түйінді сөздер:** *қылмыс; зорлық-зомбылық; профилактика; педофил.*

**Аннотация:** В статье авторы рассказывают о одной из актуальных тем на сегодняшний день, о проблемах индивидуальной профилактики насилия в отношении детей. Приводится и анализируется статистическая информация за последние 5 (пять) лет. Приводится информация о умышленных преступлениях, которые дети стали жертвами уголовных правонарушений. В содержании статьи приводится зарубежный опыт, приводятся ссылки на источники литературы. Подводя итоги, авторы выносят свои выводы, дают рекомендации в рассматриваемой области, могут иметь теоретическую или практическую ценность. Статья предназначена для профилактики таких видов уголовных правонарушений, для заинтересованных лиц, а также для широкого круга читателей.

**Ключевые слова:** *преступление; насилие; профилактика; педофил.*

**Abstract:** In the article, the authors talk about one of the most relevant topics today, the problems of individual prevention of violence against children. Statistical information for the last 5 (five) years is presented and analyzed here. Information is provided on intentional crimes that children have become victims of criminal offenses. The article contains foreign experience and references to literature sources. Summarizing the results, the authors make their conclusions, make recommendations in the area under consideration, and may have theoretical or practical value. The article is intended for the prevention of such types of criminal offenses, for interested persons, as well as for a wide range of readers.


**Keywords:** *crime; violence; prevention; pedophile.*

Ата Заңымыз Конституцияда бала мемелкеттік қорнауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәриелелу ата-анаың етен құығы және міндеті деп айқындалған. [1]

Бүгінгі таңда кәмелетке толмағандардың құқықтарын, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау Қазақстан Республикасындағы саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында Парламентке және Үкіметке жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық және жеке адамға, әсіресе балаларға қарсы басқа да ауыр қылмыстар үшін жазаны қатаңдату жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды. [2]

Жыл сайын кәмелетке толмағандарға қатысты 2 мыңнан астам қылмыстық құқық бұзушылық жасалатындығын төмендегі келтірілген ақпараттан көруге болады. [3]




**Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтер (2015-2019 жылдары)**

Кез келген қоғамның алдында тұрған негізгі мақсат өскелең ұрпақты тәрбиелеу болып табылады. Жасына және әрекет қабілеттілігі шектеулі болуына байланысты балалар ересек адамдарға қатысты осал және тәуелді күйде болады.

Осы себепті олардың ересектермен салыстырғанда ерекше құқықтары бар, бұл түрлі құқықтық құжаттарда бекітілген. Көптеген жылдар бойы дүниежүзілік тәжірибеде кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қосымша тетіктер пысықталуда. Бірақ бұған қарамастан, бүгінгі күні кәмелетке толмағандардың құқықтары толық көлемде қорғалғанын және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстылықтың профилактикасы және ескерту бойынша барлық шаралар қабылданғанын айтуға болмайды.

Жасалынған қылмыстық құқық бұзушылықтарды талдау барысында көбінесе заңға қайшы, қоғамға қауіпті іс-әрекеттің құрбандары болып, 12 жастан 17 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар табылатынын көрсетті. [3]



**Жас ерекшеліктері бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтер (2015-2019 жылдары)**

Ғалымдардың пікірінше, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстардың профилактикасы бойынша шаралардың нәтижелі болуына кедергі келтіретін бірнеше факторлар бар. Бұл кәмелетке толмағандардың ерекшеліктері, яғни олардың физиологиясы мен психологиясы. Кәмелетке толмағандар көбінесе оларға қатысты ата-аналар тарапынан теріс реакциядан қорқып, барлық ықтимал тәсілдермен құқыққа қарсы әрекеттер жасалғанын не оларға қатысты қылмыс жасалғанын түсіне алмайтынын жасырады. [4]

Қазақстан Республикасында баланы қорғау жүйесінің жұмысын реттейтін халықаралық нормалардың ережелерін іске асыру шеңберінде қабылданған нормативтік құқықтық актілер заңнамалық деңгейде жұмыс істейді, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге арналған органдар мен құқықтық институттар жүйесі бар.

Зерттелетін санаттағы қылмыстардың профилактикасы бағытындағы шараларын экономикалық, саяси, әлеуметтік, тәрбиелік, құқықтық деп бөлуге болады.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, профилактика жұмыстарын оларға қатысты жасалатын қылмыстардың түрлеріне байланысты құру қажет. Сонымен қатар осы бағыттағы жұмыстар тек қана жалпы және арнаулы ғана емес, жеке бағытта да болуы қажет.

Жалпы кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтарды екі санатқа топтастыруға болады. Олар, субъектілері ересек адамдар болып табылатын қылмыстар және субъектілері кәмелетке толмағандардың өздері болып табылатын қылмыстар.

Талдау, ең алдымен, ересектер тарапынан осындай бақылаулары жоқ, қолайсыз және толық емес отбасындағылардың балалары зорлық-зомбылық қаупіне ұшырағанын көрсетті.

Осыған байланысты, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстардың профилактикасы шеңберінде жалпы ересектермен, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың өзімен жұмыс істеуге бағытталған профилактикалық жұмыстарын жүргізу қажет.

Бұдан басқа, қылмыстық қол сұғушылықтың құрбандарымен жұмыс істеуге бағытталған Виктимологиялық алдын алуға жеке назар аудару қажет.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелерінде мемлекеттің стратегиясын айқындайтын неғұрлым маңызды заңнамалық актілер «Бала құқықтары туралы» (1994 ж.) ратификацияланған Конвенцияны, сондай-ақ «Бала құқықтары туралы» (2002ж.) және «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» (2004ж.) заңдардың қабылдануын атауға болады.

Соңғы жылдары (10 жыл) кәмелетке толмағандардың қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішкені және жүргені үшін жауапкершілігін күшейту жөніндегі бірқатар шараларды көздейтін заңдар әзірленіп, қабылданды, кәмелетке толмағандардың ойын-сауық орындарына баруы үшін ата-аналардың жауапкершілігі енгізілді (2009 ж.), сондай-ақ олардың түнгі уақытта тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде болғаны үшін (2010 ж.).

2014 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық - зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды, онда кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына орналастыруға жататын кәмелетке толмағандардың санаттары кеңейтілді –«әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездік салдарынан өмірлік қиын жағдайдағы кәмелетке толмағандар».

Жасөспірімдер қылмысының жай-күйіне қоғамдық тұрғыда ықпал ету мақсатында, сондай-ақ заңға бағынушылық мінез-құлықты қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты республикалық деңгейде арттыру мақсатында мүдделі мемлекеттік органдар, «Нұр Отан» партиясы, ҰЕҰ және қоғам өкілдерінің қатысуымен «Жасөспірім», «Бітіру кештері», «Түнгі қаладағы балалар» және «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Жұмыспен қамту» және «Мен және менің полицейім» атты жедел-профилактикалық іс-шаралары өткізіледі.

Балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа, оның ішінде бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауға үйрету жүргізіледі. Республиканың мектептерінде, колледждерінде және жоғары оқу орындарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша дәрістер өткізіледі. Мұғалімдерге, барлық жастағы балаларға және олардың ата-аналарына арналған жадынамалар, брошюралар таратылады.

Осылайша, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінен осындай құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейтуге, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түрлі профилактикалық іс-шараларын жүргізуге бағытталғанын атап өту қажет.

Сонымен қатар, осы саладағы жұмыстың тиімділігі жүргізілетін профилактикалық іс-шаралардың сапасына тікелей байланысты, олардың негізгі бағыты құқыққа қарсы әрекеттерді туындататын себептерге әсер ету болып табылады.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтарпрофилактикасының халықаралық тәжірибесін зерделеу барлық елдерде қолданылып жатқан шаралар жалпы жасөспірімдер қылмысының алдын алуға, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстардың алдын алуға бағытталғанын көрсетті.

Көптеген елдерде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының профилактикасыжәне ескерту бойынша жұмыстардың әртүрлі әдістері қолданылады. [5]

Мысалы, АҚШ-та полиция кәмелетке толмағандардың қылмыстырының профилактикасыжәне ескерту бойынша тиімділігінарттыру үшін кәмелетке толмағандармен жұмыс істеу бойынша арнайы бағдарлама әзірледі. Профилактикалық іс-шаралар 9 жастағы балалардан бастап басталады, психологтар осы жаста балалар дербестік танытады деп санайды.

Бұл бағдарлама оқушыларды құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерімен, азаматтардың міндеттері мен құқықтарымен таныстыратын курс болып табылады. Бұл

бағдарламада тұрғын үйдің қауіпсіздігі, вандализм, ұрлық, қылмыс және заң, азаматтардың жеке қауіпсіздігі сияқты тақырыптар қарастырылады. Материалды оқу аяқталғаннан кейін балалардың материалды меңгеруіне тексеру жүргізіледі.

Бұл материалды зерделегеннен кейін балаларда жас қылмыскер немесе қылмыс құрбаны болу мүмкіндігі аз болады деп болжануда.

Германияда арнайы бір орталықтандырылған ақпарат жүйесінде кәмелетке толмағандар жасаған құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер жиналатын деректер банкі құрылды. Осы деректер банкіне кіретін деректер негізінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың даму себептері мен ерекшеліктеріне талдау жүргізіледі. Осы зерттеулердің нәтижелері қызметкерлерді даярлау үшін олардың білім деңгейін арттыру және оларда мамандарды тез арада қалыптастыру мақсатында пайдаланылады, ал егер әңгіме бұрыннан жұмыс істеп жүрген қызметкерлер туралы болса, онда бұл білім оларға біліктілікті арттыру үшін қажет.

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау шеңберінде АҚШ заңнамасы кәмелетке толмағанға қатысты зорлық зомбылық қылмысы үшін босатылған осындай адамның мінез-құлқын бақылаудың нақты жүйесін белгілейді:

- ұлттық тіркелім жүргізілуде;
- оған мектептерге, балабақшалар мен емханаларға, кәмелетке толмағандар баратын басқа да қоғамдық орындарға жақын тұруға тыйым салынады.;
- мұндай тұрғынның бұрынғы жағдайы туралы көршілеріне хабарланады, босатылған қылмыскердің полиция органдарына, тиісті психологиялық қызметке міндетті түрде келуі енгізіледі.

Швецияның қылмыстық кодексі балаларды жыныстық қол сұғушылықтан қорғауға көп көңіл бөледі. Мысалы «он бес жастан он сегіз жасқа дейінгі адамды мәжбүрлеу, ар-ожданына тиісу немесе басқа да заңсыз ықпал ету жолымен сексуалдық сипаттағы іс-қимыл жасауға немесе оған қатысуға немесе өзге де жағдайларда порнографиялық көріністерді өндіру элементін құрайтын іс-қимылға итермелейтін адамға қатысты неғұрлым қатаң жаза белгілейді».

Кәмелетке толмаған адамды жыныстық пайдалану деп заң он бес жасқа толмаған баламен жыныстық акт жасауды түсінеді. Тіпті, он бес жасқа толмаған балаға қатысты сексуалдық қанаушылық белгілері болмаған жағдайда да «сексуалдық сипаттағы жанасқаны» үшін тиісті жаза көзделеді.

Эстонияның қылмыстық кодексінде екі дербес құрам бөлінеді: «жас бабалармен жыныстық қатынас» (145-бап) және «жас балалармен жыныстық құштарлықты қанағаттандыру» (146-бап).

Ұлыбританияда 2003 жылғы жыныстық қылмыстар туралы заң бойынша 13 жасқа дейінгі балаға қатысты жыныстық акт және «жыныстық қол сұғушылыққа» байланысты өзге де іс-әрекеттер жасағаны үшін өмір бойы қамауға алу қарастырылған.

Осылайша, әлемнің барлық елдерінде кәмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қарсы қылмыстары үшін қосымшасыз санкция – бас бостандығынан айыру көзделген.

Ұсынылатын шаралар.

Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде:

1) бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, профилактикалық жұмыс жүргізуге:

- ата-аналар, педагогтар және кәмелетке толмағандар арасында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың талаптары туралы, оларды сақтау қажеттілігі және оларды бұзған жағдайда нақты құқықтық салдарлардың туындау мүмкіндігі туралы құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- ересектер мен балаларды арнайы брошюралар, бейнероликтер дайындау арқылы олардың құқықтары мен міндеттерін бекітетін құқықтық актілермен таныстыру;

- ғаламтор-ресурстарда жасөспірімдерге қарсы қылмыстың ағымдағы жағдайын, оның кең таралған түрлерін, жасалу тәсілдері мен оларға қатысты қылмыс жасауға неғұрлым бейім адамдарды және т.б. жариялау.

2) кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау:

- жасөспірімдерді қылмыс фактілері туралы хабарламаларды жіберуге болатын мекенжайлар мен телефондар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

- «мектеп оқушысының қауіпсіздік паспорты» қауіпсіз жүріс-тұрыс қағидаларын шығару және тарату;

- жағдайларды модельдеу арқылы арнайы симуляциялық тренингтер өткізу, іс-әрекет алгоритмін тәжірибелік өңдеу.

3) кәмелетке толмағандарға оң ықпал ету жолымен отбасы мен баланы қолдау бөлігінде мемлекеттің әлеуметтік саясатын жүргізу.

Уақытылы көрсетілген әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық көмек (*психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медициналық бағыттағы педагогтар*) отбасында мінез-құлықты қалыптастыруға оң әсер етеді.

4) қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу шеңберінде телекоммуникация желілерін пайдалану жолымен кәмелетке толмағандармен байланысқа түскен адамдардың, оның ішінде адамдардың белгісіз тобына жолданған хабарламаларды тарату кезінде қылмыстық жауаптылығын көздеу ұсынылады.

Жалпы кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды төмендету динамикасының нәтижелі болуы көп аспектілікті, кешенділікті, елеулі материалдық, ұйымдастырушылық және өзге де шығындарды, әртүрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық құрылымдардың күш-жігерін біріктіру мен үйлестіруді талап етеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы-«Әділет» АҚЖ.

2. Қасым-Жомарт Тоқаев. 2019 ж. 2 қыркүйектегі Мемлекет Басшысының Қазақстан халқына Жолдауы. «Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі».

// [www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn](http://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn) kazakstan halkyna joldayu

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараты

// <https://qamqor.gov.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>

4. Сычёва О. В. Особенности профилактики преступлений против несовершеннолетних // Молодой ученый. - 2018. №49. Б. 174-176. - URL <https://moluch.ru/archive/235/54506/>

5. Бобченлова А. С. Зарубежный опыт предупреждения и профилактики правонарушений несовершеннолетних // Молодой ученый. - 2019. №24. Б. 177-179. URL <https://moluch.ru/archive/262/60686/>